

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 375 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1220 қаулысымен

Алматы облысы Талғар ауданының тұрғындарын тау көшкіні қауіпті аймақтан көшіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының әкіміне Алматы облысы Талғар ауданының тұрғындарын тау көшкіні қауіпті аймақтан көшіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін оларға тұрғын үй сатып алуға және екі 24 пәтерлі үйді бұзу шығыстарын өтей отырып, 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 121547210 (бір жүз жиырма бір миллион бес жүз қырық жеті мың екі жүз он) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2005 жылдың қорытындылары бойынша орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі